“БАЛДӘУРЕН” - ТЫНЫСЫ

№18 16 ауысым 22 желтоқсан 2022 жыл (ауысым сайын)

Балалар мен жасөспірімдер журналы

«HAPPY - 2022»
жаңа жылдық шытырман

БОСЫМБАЕВ Даурен Абдикаримович,
«Балдәурен» РОСО филиал директоры.
Түркістан облысы, Төлеби ауданы

Ел аңсаған тәуелсіздік

Тәуелсіздік – кез келген адамның, ұлттың, халықтың, елдің еркіндігі. Өз алдында дербестігі. Тәуелсіздік – сіздің тыныстап отырған, еркін әрі бақытты күн кешіп жатқан Отаныңыз. Әлемде екі жүзге тарта тәуелсіз мемлекет бар. Олардың өз тілі, діні, ділі, салты мен дәстүрі, ғұрпы, мәдениеті бар. Оған қоса ішкі және сыртқы экономикасы да қалыптасқан. Қазақстан – өз ән ұраны, елтаңбасы, көк байрағы мен ұстанымы бар зайырлы мемлекет. ТМД елдері арасында тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсанда жариялаған күннен бастап бұл елдің өз халқы, өзіне тән ұлты мен тілі бар.

Біздің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында жыл сайын көптеген патриоттық іс-шаралар атап айтсақ «Әнім сенсің туған жер» патриоттық әндер байқауы, «Тәуелсіздік таңының жұлдыздары» интеллектуалдық шоу, «Ел аңсаған тәуелсіздік» тәрбие сағаттары, «Отаншылдық - жарқын болашақ кепілі», «Тәуелсіз елім – кең байтақ жерім» атты мерекелік кештер өткізіліп, тәуелсіздіктің қадір-қасиеті оқушыларға кеңінен түсіндіріледі. Әр ауысым сайын демалысқа келген оқушылардың ішінен «Ел жанды патриот» жас патриоттар академиясына оқушыларымызды қабылдаймыз.

Биыл тәуелсіздігіміздің 31 жылдық мерекесіне орай орталығымызда Жас патриоттар академиясының мүшелерімен бірігіп «Тәуелсіздік» тақырыбында үлкен кездесу болып өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты патриоттыққа тәрбиелеу.

Еліміздің Мәңгілік Ел болып қалыптасуы үшін әрбіріміз күш жігерімізді салып, тіліміз бен дінімізді, елтаңбамыз мен туымызды, ән ұранымыз бен бостандығымызды сақтап қалуымыз қажет. Ел тәуелсіздігінің 31 жылдық мерейтойы құтты болсын! Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

ЕРНАЗАРОВА Айнұр Шүкірқызы,
«Балдәурен» РОСО филиалының
ұйымдастырушы-ұстазы.
Түркістан облысы, Төлеби ауданы

Жылдың ең үздік ауысымы

Достық. Ғажайып. Ертегі. Шытырман. Сиқыр.

Бұл сөздердің барлығы 2022 жылдың «Happy - 2022» жаңа жылдық шытырман – Балдәуренде» жас өнер жұлдыздарының республикалық кездесуі 16-ауысымына тән. Нағыз сиқырдың салтанат құрар шағы – жаңа жылдық көңіл-күймен тұспа-тұс келген ауысымда тосын сыйлар мен таңғалдырарлық жәйттар көптеп орын алды.

Ауысымға нағыз талантты, дарынды, өнерлі достарымыз жиналып, ауысымның көркін келтірді. Жаңа жылдық тосын сыйларға толы ауысым ел еңсесі тіктеліп, егемендікке қол жеткізген күнмен тұспа-тұс келіп жатты. Және айтулы мерекені балдәурендіктер өз деңгейінде атап өтіп, тұғырлы тәуелсіздікке қол жеткен күн мен оған жету жолындағы тар жол тайғақ кешуді мәңгі есінде сақтап, қадірлейтіндіктерін айғақтай түсті.

Ауысым нағыз таланттардың жұлдызын жағатын, шығармашылық қабілеттерін шыңдай отыра өзіндік өнерлерін ортаға саларлық іс-шаралармен көркемделе әрі қызықты бола түсті. Ауысымның алғашқы сәтінен бастап, өздерін ұйымшыл топ мүшесі ретінде көрсете білген әрбір бала жаңа отбасы мүшелерімен бір қатарда тұрып, олар нағыз сыналатын, сол ретте ең ерекше сәт болып табылатын топ визиткасын қорғау кешіне белсене қатысты. Және барлық топтарда осынау бір кеште жеңімпаз атанды. Жеңістері – ұйымшылдықтары, бауырмалдықтары және достықтары болып табылған бұл кеш бұрынғыдан өзгеше еді.

Шығармашылық ауысымы болған керемет жиырма күнге лайықталып қойылған іс-шаралардың ең негізгісі «Baldauren Got Talent» мега жобасы. Жобаға үлкен іріктеуден өткен қатысушылар 3 кезеңге созылған қызықты да күрделі, тартысты да табысты өнер көрсетті. Ауысым қатысушылары бойларындағы тұнған таланттарымен қатар, нағыз білімді, патриот, ел ертеңі болар елжанды өрендеріміздің қатарынан көріне алды. 2022 жылдың ең үздік ауысымы болды деген сенімдемін.

«Балдәурен бекеті» бекет бойынша ойыны

«Балдәурен» орталығындағы кез-келген ойын оқушылар үшін ерекше ұйымдастырылады. Әр ауысым сайын орталыққа келген оқушылардың топ болып ең алғаш қатысатын ойыны «Сәлем, Балдәурен!» бекет бойынша ойыны. Бұл ойын өзінің ерекше құрылған сценариімен ерекшеленеді. Орталыққа келген балаларды ішкі тәртіппен, өзінің өзгермес заңдарымен, қатаң қағидаларымен таныстыру мақсатында ойын түрінде ұйымдастырылады. Ұйымдастырушы-ұстаздар түрлі бекеттерге бөлініп, әр топты кезек-кезегімен қарсы алып, өзінің қызықты тапсырмаларын қойып, өз бекетінің қағидаларымен таныстырады. Ойын өте көңілді, әрі демалушылар үшін құнды ақпараттарға толы болды. Балдәурен саған мың алғыс! Бауырыңа келген әр баланы жатсынбай қарсы алғаныңа рақмет!

«Мен. Сен. Бәріміз!» танысу кеші

Орталықтың дәстүрге айналған ережелерімен, өзінің сүйікті ұйымдастырушы-ұстаздарымен таныстыру мақсатында «Кел, танысайық!» танысу кеші болып өтті. Орталықтың айнымас заңдарымен, қатаң қағидаларымен оқушыларды таныстырды. «Оң қол» заңы, «Сол қол» заңы, «Асхана ережесі», «Twix» заңы, және т.б орталық ережелерімен таныстырып, сол заңдарға бағынып, ішкі тәртіпті ұстануды талап етті. Кереметтей кеште түрлі ойындар ойнатылып, ұйымдастырушы-ұстаздармен бірге ән шырқап, би биленді.

«Сенім» ұйымының үміткерлерімен танысу

Бүгін орталығымызда «Сенім» ұйымына үміткерлермен танысу болып өтті. Топ тәрбиешілерімен бірге ауысымның сәтті және қызықты өтуіне көмектесетін уақытша құрылған ортадағы алғыр, жан-жақты үміткерлерді Балдәурендіктерге таңдау қиынға түсті. Себебі, бұл орынға барлық қатысушыларымыз әбден лайықты. Сонда да сайыстың аты – сайыс. 16-ауысымның «Өзін-өзі басқару ұйымында» президент кім болғанын ауысымның ашылу салтанатында білетін боламыз.

«Жаңа жылдық шытырмандар» топ визиткасын қорғау кеші

Визитка кеші ең көңілді барлық топ мүшелерінің қатысуымен өтетін бірден-бір іс-шара. Бұл кеште балалар өздерінің тобының

ұйымшылдығы мен татулығын, ынтымақтастығы мен өнерін көрсетеді. Кешіміз өте қызықты болды. Топтар қызу дайындықпен келген. Әр топтың өзіне тән аты, санамағы, ұраны және әні болады. Кештің тақырыбына сай әр топ өзінің қызықты аттарымен, ұранымен, санамағымен таныстырып, топпен бірге әнін шырқады. Бір топ сахнаға шыққанда келесі топ оларға қолдау көрсетіп, қошеметтеп отырды.

«Білімді ұрпақ – ел ертеңі» мектеп презентациясы

Сәлем, сәлем! Балғында таудай Балдәурендіктер! Әне-міне дегенше оқу жылының екінші тоқсаныда аяқталғалы тұр. Бүгін орталығымызда желтоқсан айының 6-жұлдызы күні 16-ауысымның мектеп презентациясы болып өтті. Оқушыларды орталықтың пән мұғалімдерімен таныстырылды. Оқушылар сыныптарға бөлініп, өзінің сыныптастары және сынып жетекшісімен таныс болды. Сыныптастарымен өз сыныптарына барып, сыныптың тізімі толтырылып, сынып белсенділері сайланды. Сынып сағаты өткізілді.

2022 жылдың 16-ауысымының ашылу салтанаты

Міне, бүгін оқушылардың «Балдәурендіктер» атанатын сәті – ауысымның ашылу салтанаты да болып өтті. 16-ауысымның «Өзін-өзі басқару ұйымында» 7-топ демалушысы 45,7% дауыс жинап, ауысым президенті атанды. Халықаралық, республикалық, облыстық сайыстар мен фестивальдердің лауреаттары, жас әншілер мен бишілердің, ақындардың басын қосқан 16-аусым «Happy - 2023» жаңа жылдық шытырман деп аталынып, ауысым барысында осы тақырып аясындағы түрлі іс-шаралар мен көңілді кештер күтілуде. Ауысымға сәттілік тілейміз! Балдәурендіктерді нағыз – «Балдәурендіктер» болғанымен құттықтаймыз!

«Жастарменен қуанамыз!» «Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші

«Жастар» педагогикалық тобы - орталығымыздың жүрегі. Уақытша құрылған балалар бірлестігімен тығыз байланыста болып, оқушыларға психологиялық ахуал мен жағымды жағдай жасап, олардың шығармашылық қабілетін дамытып, өмірдің негізгі құндылықтарын: адамгершілік, мейірімділік, жауапкершілік, патриоттық сезімдерін нығайтып, жеке тұлға болып қалыптасуларына жағдай жасауда. «Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші әр ауысым сайын өте жоғары деңгейде ұйымдастырылады. Кешіміздің негізгі мақсаты – орталыққа келген оқушыларымыздың өз ұйымдастырушы-ұстаздарын жаңа қырынан тани білу. Кеш барысында ұйымдастырушы-ұстаздарымыз әсем ән айтып, ырғақты би билеп, кереметтей кештің сәнін кіргізетін қойылым көрсетеді. 16-ауысымның «Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші өте көңілді, жоғары деңгейде болып өтті. Нағыз жалынды жастардың өнерлеріне тәнті болдық. «Жастар» педагогикалық тобына тек сәттілік тілейміз.

«Baldauren Got Talent» мега-жобасы

Бала дүниеге шыр етіп келген сәттен оның неге икемді, неге қызығатыны көп ұзамай ақ белгілі болады. Қазақта жақсы сөз бар «Тума талант иесі» - деген. Осы сөзден талант баланың бойына ата-анасының генінен берілетінін байқалады. Орталыққа келген балалардың бәрінің дерлік өзіндік ерекше таланттары, қоғамдық өмірге белсене араласатын өнерлі, табиғатынан дарынды, сұлу, сымбатты, шығармашыл болады. Оқушылардың шағармашылығын дамытып, талантты балаларды анықтау мақсатында «Baldauren Got Talent» мега-жобасы 3 кезең бойынша өткізілді. Балалар өздерінің жеке талантына байланысты түрлі шығармашылық байқауларға қатысты. 1 кезең бойынша оқушылар іріктеуден өтті. 2 кезең жүйріктер анықталды. 3 кезең бойынша жүзден-жүйрік болғандар анықталып, жүлделі I-II-III орындарға ие болды.

«Тапқыр достар» танымдық ойын

Ойын – бұл бала үшін ой иелігінен өткен құбылыс, бала өз еркімен ойынға қатысып, жаңа тәжірибе алмасып, одан алған білімі оның жеке байлығы болады, сондықтан оны басқа жағдайларда қолдана алады. Алған тәжірибесі балаға өз ойында қолдануға мүмкіншілік беріп, оның шығармашылық ұсынысын дамытады. Зияткерлік, танымдық, интелектуалдық ойындарды ұйымдастыру арқылы балалардың білімдерін одан әрі толықтырып, дұрыс бағыт бағдар беріледі. Орталықта көптеген танымдық, зияткерлік ойындар ұйымдастырылып отырады.

Ауысымның орта беліне келе патриоттық пен елжандылыққа елітер ауысым тақырыбына сай негізгі іс-шаралардың бірі «Тапқыр достар» зияткерлік сайысы болып өтті. Бала бойына ел мен жерге деген махаббат пен жанашырлықты дәріптей отырып, жылдамдыққа, мектеп қабырғасында жүріп алған білімдерін таныта келе жеңіске деген құштарлығын, табандылығын тағы да сынға салды. Сайысты қорытындылай келе, ең алғыр, ең білімді балалар марапатталды.

«Чемпион» СМ ойындары

Баскетбол, фудбол, күрес, дойбы, шахмат, пионербол, көңілді старт – бұл сөз тіркестерін есіткенде жалпы спорт түсінігі ойға келеді. Орталыққа келіп оң-солын таныған балалар үшін ұйымдастырылған қысқы спорт ойындарымен қатар «Үстел үсті спорт түрлері», «Арқан тартыс», «Sport time» спорттық-танымдық ойыны, «Жастар» мен «Балдәурендіктер» командасы арасындағы жолдастық кездесулер бәрі-бәрі екі күндік өз жалғасын тапты. Оқушыларымыз жекелей және топтық біріншіліктер бойынша өзара сынға түсіп, озық болғандарымыз марапатталды. Оқушылар мен «Жастар» арасында салауатты өмір салтын насихаттап, кез-келген уақытта болсын спорттың бірнеше оңтайлы түрімен айналысуға боларын спорт нұсқаушыларымыз тағы да дәлелдеді. Екі күнге созылған жарысымыз өз мәресіне жетіп, оқушылар өз жүлделі орындарын қанжығаларына байлады.

«Ән жырымның арқауы – Тәуелсіздік!» патриоттық әндер байқауы

Музыка өнерінің анағұрлым кең тараған түрі ән болып табылады. Ол - ел тарихының ғана емес, белгілі бір тұлғалардың өмір тарихының да куәгері әрі қатысушысы. Ән халықтың жаны ғана емес, оның өмірінің шындық айнасына айналған ақиқат. Бүгінгі күні де патриоттық әндердің ролі бұрынғыдай, өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Патриоттық әндер үлкен күшке ие. Ол адамның рухын оятып, ерлікке жетелейді, жүрегіне елжандылық сезімін - Отанға деген сүйіспеншілік сезімін құяды.

Патриоттық әндер кеші жастарға өздерінің кіші отанының тарихына үңілуге, мәдениеті мен дәстүрлерін тануға көмектесті. Жас жеткіншектер Отанға қызмет етуге дайын екендерін танытты. Ұйымдастырушы-ұстаздар балалармен бірге іс-шараға мұқият дайындалды: әннің мәтінін жаттады, атрибуттарды, киім формасын өз қолдарымен жасады, сахнаға соны тәсілмен шығуды үйренді. Кеш бойына мерекелік көңіл-күй сезіліп тұрды. Залда отырған ересектер мен балалар да орындаушыларға қосылып шырқады. Әр ән орындалған, әр отряд өнер көрсеткен сайын ду қол шапалақтап, көрермендер ризашылық сезімдерін білдіріп жатты!

«Ең бақытты күн» туған күн иелеріне арналған кеш

Туған күн – кез-келген адам баласының өмірінде ерекше орын алатын естенкетпес мерекенің бірі. Жылына бір келетін жекеменшік мерекені әсіресе балалар асыға күтеді. Барлық ізгі тілектер, бірі-бірінен әсем сыйлықтар бәрі-бәрі осы ерекше күн иесіне арналады. Әр ауысым сайын дәстүрге айналған негізгі іс-шараның бірі осы - туған күн иелеріне арналған кеш. Барлық бала үшін кереметтей қойылым қойылып, ойындар ойнатылды. Аспазшы апайларымыздың дайындаған дәмді торты ортаға әкелініп туған күн иелеріне табысталды. Орталық басшысының құттықтау грамотасымен мараппатталып, сыйлықтар сыйланды. Кеш қызыққа толы болды.

16-ауысым барысында өз туған күнін Балдәуренмен бірге тойлап отырған демалушыларымызды туған күндерімен құттықтаймыз! Сіздерге және туыстарыңызға денсаулық пен қуаныш, амандық пен бақыт тілейміз.

«Өнегелі оқушы» танымдық сайысы

Бүгін орталығымызда білімділер бас қосатын «Өнегелі оқушы» танымдық сайысы болып өтті. Танымдық сайысымыздың мақсаты - Қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын оқушылардың бойына сіңдіру. Тарихи жәдігерлеріміз бен елдігімізді танытатын салт-санаға оқушыларымыз күә болып, ұйымдастырушылар дайындаған сұрақтар мен тапсырмаларға жауап берді. Танымдық ойынымыз жоғары деңгейде өтті.

Ойын толқын, айналған қатты ағысқа
Табылғандай таным да, жат дауыс та.
Біреу озып келеді қатарынан,
Біреу қалып жатады асығыста.

Ойын толқын, жатқандай асып-тасып,
Біреу мығым, біреулер шалыс басып.
Бұл ойыннан өтеді ғұлама ойлар,
Жеңсең де, жеңілсең де қалма жасып

«Жаса, жайна, тәуелсіз Қазақстан!» мерекелік концерт

Бүгін орталығымызда тәуелсіздік күніне орай «Жаса, жайна, тәуелсіз Қазақстан!» атты мерекелік концерт болып өтті. Мерекелік концертіміздің негізгі мақсаты – бабалар қанымын, аналар жанымен келген қасиетті тәуелсіздікті өскелең ұрпақтың бойына сіңдіру. **Тәуелсіздік** – ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін **Тәуелсіздік** күні – ең қастерлі күн. Еліміз **тәуелсіз**дігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Осы жылдар ішінде елімізде қыруар істер атқарылды. Баршаңызды еліміздің тәуелсіздігімен шын жүректен құттықтаймыз! Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болсын! Тәуелсіздік таңы – мәңгілік болсын!

«Happy-2022» жаңа жылдық шырша

Әсем безендірілген шырша, оған ілінген түрлі-түсті ойыншықтар, қызылды-жасылды жылтырақтар мен көздің жауын алар шамдар керемет көңіл күй барлығы да осынау кереметтей мереке әрбір адам баласы асыға күтетін жаңа жылдан үзінді дерсің. Жаңа жыл – ертегілер мен таңғажайыптар кезеңі. Жаңа жыл күні әркім өзінің тілек-армандарының орындалғанын қалайды, сыйлықтар, Аяз Ата мен Ақшақарды күтеді.

Орталықта ұйымдастырылған жаңа жылдық шырша ең жоғары деңгейде өтті. Барлық 260 баланың көңілінен шықты деген сенімдемін. Ұйымдастырушы-ұстаздарымыз бар күш-жігерін салып, аса жоғары дайындықпен дайындалды. Аяз ата мен Ақшақардың сахна

төріне шығуының өзі ерекше болды. Түрлі кейіпте киімдер киіп, би биленіп, ән шырқалды. Осылайша көптен күткен жаңа жылдық шыршамызда аяқталды. Жаңа жылдан әр адам тек жақсылық күтеді. Шырша маңына жиналған балалар мерекелік кештегі әрбір әсерлі сәтті жүрегімен сезінді. Таңғажайыпқа толы жаңа жылдық шырша балалардың есінде ұзақ уақыт сақталары анық. Жаңа жылдарыңызбен!!!

2022 жылдың 16-ауысымының жабылу салтанаты

Міне, 20 күнге созылған 2022 жылдың 16-ауысымы да өз мәресіне жетті. «Happy - 2022» жаңа жылдық шытырман атты 16-ауысымның жабылу салтанаты да келіп жетті. Балалардың арман аралы – «Балдәурен» бүгінде әр баланың өмірінен өз еншісін алып та үлгерді. Ауысым бойы түрлі танымдық-зияткерлік ойындар, қызыққа толы іс-шаралар, ұмытылмас кештер болып өтті. Ауысымның жабылу салтанатында 20 күн бойы топ ішінен белсенділігін көрсетіп, озат болған достарымыз марапатталды. Топ белсенділерімен қатар, «Балдәуреннің» алдыңғы қатарлы көшбасшылары ретінде «Сенім» ұйымы да жұмыс атқарған болатын, сол ұйымның мүшелері де алғыс хатпен марапатталды.

Сондай-ақ, орталығымызда 2016 жылдың ақпан айынан бастап өз Отанының патриоты бола білген, ел мерейін үстем қылар балаларға арналған «Қазақстандық жас патриоттар академиясы» жұмыс атқара бастады. Академия құрамына лайықты деп танылған балаларымыз атықталып, ұйым мүшесі болып қабылданып, марапатталды.

«Кездескенше, Балдәурен!» гала-концерті

Гала-концерт – ауысымның ең соңғы ұйымдастырылған іс-шарасы. Ауысымды қорытын-дылап, оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында өтіліп, 20 күн бойы қатысқан «Қызығушылық үйірмелерінің» қорытындысын, өздерінің үйренген өнерлерін ортаға салады. Ән айтылып, би-биленіп, қызықты ойындар ойнатылып, КТК қойылды. Ұйымдастырушы-ұстаздарының жүрек-жарды тілектерімен жалғасын тауып, оқушылардың көңілдерін бір тебірентіп, көздің ыстық жасын домалатып алды. Оқушыларға алдағы күнге тек қана бақыт тіліп, ашық аспанның астында, бибіт елдің ұландары болып, бізді «Балдәуренді» мәңгі жүректерінде ұстайды деген сенім білдірді. Балдәуреннің қоштасу әнін айтып, ақ жол тіледі. Гала-концерт қызықты, әрі мұңды болды.

Бас редактор: *Ерназарова Айнұр Шүкірқызы*

baldauren

Мекен-жайы:
Түркістан облысы, Төлеби ауданы,
Нысанбек ауылы, Үшсала көшесі, 32 үй
Телефон: +7 (777) 357 07 37
E-mail& baldauren_2@inbox.ru